

A. Егінбай, 1-курс

**Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ СӨЙЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, МӘДЕНИЕТІ

Тікелей эфир — тележурналистикада уақыт дәлдігін сақтап, жедел хабар таратудың кәсіби әдісі, шығармашылық-техникалық сипаттағы соңы технологиялық прогресс, аудиториямен қарым-қатынастың айрықша тәсілі, өзгеріске ұшырамайтын нақты құбылыс. «Айтылған сез атылған оқпен тең» деген халықтық нақыл уақытқа тәуелді құбылыс, тікелей эфирдегі жұмыс процесінің ең негізгі ережесі деуге әбден болады. Тікелей эфир кезіндегі мәтінді өндеуге, қандай да бір қатені түзеуге ешқандай мүмкіндік жоқ»¹. Тікелей эфирдегі жүргізушінің қызметі айрықша, кейде тіпті, төтенше ахуалда жүзеге асады. Сондықтан да тікелей эфирді жүргізетін тележурналистке кәсіби деңгейдегі даярлықпен қатар, арнағы психологиялық дайындық қажет. Көрерменнің көңіл-күйін басқару үшін оларды қажетті бағыттағы әрекетке талпындыру қажет. Бұған көрерменнің психологиясын, мұқтажын, ұстанған көзқарасын, талпынған бағыт-бағдары мен әдет-түрлін қарқынды түрде зерттеу жолымен қол жеткізуге болады. Журналистің тікелей эфирдегі жұмысы табысты болуы үшін оның өз аудиториясын жақсы білгені жеткіліксіз. Ол сонымен қатар өзін көріп отырған жүргіттың бұл хабар туралы, онда сөз болған мәселе жөніндегі көзқарасынан, пікірінен хабардар болу керек. Олардың ойының өз көзқарасымен дәл келетін тұстарын, керісінше, қай мәселе төңірегіндегі олармен дауласып, нақты деректер ұсыну керектігін, қайсыбір шакта олардың сезіміне тікелей әсер ету арқылы айтылған ой аясында ойланып-толғануы қажеттігін болжап алғанда барып, көрерменге емін-еркін тіл қатып, телефон желісіндегі әңгімеге етене араласып, тікелей эфирді ұршықша үйіріп әкетеді. Тікелей эфирдегі психологиялық ахуалды қалыптастырудың тағы бір кілтипаны — көрерменді өз сезіне сендіре білу. Фалым К. Тұрсын микрофон алдында сөйлеудің ең жауапты сәтін сезіну тұрғысынан жүргізуі журналистке мынадай кенес береді: «Дауыстың діріліне, әрі үніне, сұлу сезіндің сиқырлығына мән бере біл! Өзіңнің табиғилығында таныта біл, қазактың шетсіз де шексіз дариядай толқын сезіндің нақышын, бай ойнақтыңын, қорғасындағы салмақтыңын, алмас қылыштай алғырлығын кәдene жарат. Әр сезіндің мәні бар, сөйлемдегі түрған орында өзіндік екпіні бар. Соларды іздеп тапта, сол кілтипады табанда тап баса біл»².

Тілдік тұрғыдан әсерлі, эмоционалды сипаттағы телебағдарламаларға: бұрынғы «Ақжүніс», «Бармысың, бауырым» жатса, ақыл-ой парасат, білім өресін танытатын «Күлтөбе», «Оян, қазақ», «Азамат» бағдарламалары сез өнерінің биік деңгейін танытатын хабарлар. Мұнда тілдік нормалардың сақталуымен қатар, шешендік қасиеттің де жарқырай көріну қажеттілігі туындаиды. Ұлттық салт-дәстүрді, өнер мен білімді, сондай-ақ түрлі рухани құндылықтарды арқау еткен «Алтыбақан», «Алтын қақпа», «Алтын сақа», «Қазақтың 100 әні», «Жұз бір жұмбақ, мың бір мақал», «Ән мен әнші» телебағдарламалары тіліміздің мәдениеті мен мәйеғін танытатын нағыз хас шебер жүргізуі журналистердің шындалу мектебі десе де болғандай. Бұл аталған телебағдарламаларда ең әуелі, әрине, оның тағылымдық-тәрбиелік мәні тұратындығы белгілі.

Корытга келе айтарымыз, сол тәрбие мен тағылым алдымен сез арқылы, шебер де шешен тіл арқылы халық көңіліне жететіндігін басты назарда ұстауымыз қажет.

¹ Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі — тележурналист анықтамалығы: Оку құралы. — Алматы, 2003. 118-б.

² Справочник журналиста Казахстана. — Алматы, 2002. 132-б.